

Е. Ж. Маханбетчин^{1*}, А. Н. Нұрбақыт¹, С. Р. Миралиев², М. Д. Бримжанова², Т. С. Серғалиев³, Ш. Д. Джакетаева³

2010-2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕСЕК ТҰРҒЫНДАР АРАСЫНДА АРТЕРИАЛЬДЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯСЫНЫҢ ТАРАЛУЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

¹«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті (050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Өтепов к., 19а; e-mail: ksph@ksph.kz)

²Абуали ибн Сино атындағы Тәжік мемлекеттік медицина университеті (734003, Тәжікстан республикасы, Душанбе қ., Сино ауд., 29-31; e-mail: info@tajmedun.tj)

³КеАҚ «Астана медицина университеті» (010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бейбітшілік к., 49а; e-mail: mail@amu.kz)

*Елдос Жанзакович Маханбетчин – «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті; 100004, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Карбышева к., 5/6; e-mail: eldosic@mail.ru

Кіріспе. Мақалада артериялық гипертензия бойынша есепте тұрған Қазақстан Республикасының еңбекке қабілетті ересек тұрғындары арасында 2010 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде жүргізілген ретроспективті талдау ұсынылған. Зерттеу барысында осы аурудың таралу жиілігі мен динамикасы, оның ерлер мен әйелдер арасында таралуы, сондай-ақ тән ерекшеліктерін анықтай отырып, қала мен ауыл тұрғындары арасындағы салыстырмалы деректер қарастырылды.

Зерттеудің мақсаты. Қазақстан Республикасында еңбекке қабілетті жастағы адамдар арасында қан қысымының таралу жиілігін арттыратын факторларды сипаттау.

Материалдар және әдістер. Зерттеу Материалы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010-2023 жылдардағы республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығында артериялық гипертензия бойынша есепте тұрған еңбекке қабілетті жастағы адамдардың деректер базасы болып табылады. Зерттеу әдісі Microsoft Excel көмегімен статистикалық өңдеу болды және SPSS статистикалық бағдарламасы арқылы талданды.

Нәтижелер және талқылау. Қазақстан Республикасының аумағында ересек тұрғындар арасында жоғары қан қысымының тіркелген барлық жағдайлары талданды. Жыныс-жас ерекшеліктерін және пациенттердің тұратын жерін ескере отырып статистикалық зерттеулер жүргізілді. Бұл аурудың қалалық және ауылдық тұрғындар арасында таралуын талдау барысында оның қалалардағы ересектер арасында жиі кездесетіні анықталды. Қала тұрғындары арасында аурудың жоғары таралуының негізгі себептерінің бірі-жоғарыда аталған профилактикалық және диагностикалық шаралардың көпшілігі негізінен қалалық жағдайларда жүзеге асырылады.


Қорытындылар. Еңбекке қабілетті жастағы қала тұрғындары арасында қан қысымының жиі кездесетін негізгі себептерін келесі факторларды ажыратуға болады: ауыл тұрғындарымен салыстырғанда қала тұрғындары арасындағы стресстің жоғары деңгейі. Артериялық гипертензия (АГ) ауылдық тұрғындармен салыстырғанда еңбекке қабілетті қала тұрғындары арасында жиі кездеседі. Бұл құбылысты түсіндіретін бірнеше факторлар бар: Стресс және психоэмоционалды стресс, дұрыс тамақтанбау, физикалық белсенділіктің төмендеуі, экологиялық факторлар, медициналық көмекке қол жетімділік, әлеуметтік-экономикалық факторлар. Осылайша, артериялық гипертензияның дамуына қалалық ортаға жиі тән көптеген факторлардың жиынтығы әсер етеді. Осы факторларды жою және өмір салтын өзгерту қала тұрғындарының гипертензия деңгейін төмендетуге көмектеседі.

Кілт сөздер: халық; демография; ересектер; қала тұрғындары; артериялық гипертензия; сырқаттанушылық


КІРІСПЕ

Мақалада зерттеу нәтижесінде анықталғандай артериялық гипертензия сырқаттылығы қазіргі таңда дүниежүзінің экономикасы даму үстіндегі елдерде денсаулықсақтау саласы үшін ең күрделі мәселелердің бірі болып тұр. Біздің елде де бұл аурудың түрі халық арасында, оның ішінде еңбекке жарамды ересек тұрғындар арасында кең етек алып отыр. Үкімет пен денсаулықсақтау ведомствоның осы аха-

уды азайтуға қарай бағытталған шараларға қарамастан бұл сырқаттылық түрі өз шешімін әліде болса табалмай тұр. Мақалада артериялық гипертензия бойынша есепте тұрған Қазақстан Республикасының еңбекке қабілетті ересек тұрғындары арасында 2010 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде жүргізілген ретроспективті талдау ұсынылған. Зерттеу барысында осы аурудың таралу жиілігі мен динамикасы, оның ерлер мен әйелдер арасында таралуы, сондай-ақ



1 сурет – Қазақстан Республикасында 2010-2023 жыл аралығында ересек адамдар арасында артериальдық гипертензиясы бар науқастардың таралу жиілігі 100 000 адамға шаққанда



2 сурет – 2010-2023 жылдар аралығында ҚР қала тұрғындарының еңбекке жарамды жастағы ересек адамдар арасында артериальдық гипертензия сырқаттылығымен ауыратын науқастардың кездеу жиілігі (100 000 адамға шаққанда)

тән ерекшеліктерін анықтай отырып, қала мен ауыл тұрғындары арасындағы салыстырмалы деректер қарастырылды.

Мақсаты – қан қысымы жоғарылауына байланысты мемлекетізде тіркелген ересек науқастардың арасында таралу жиілігіне сипаттама жасау.

МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ӘДІСТЕР

Кешенді зерттеу материалдары Қазақстан Республикасының электронды денсаулық орталығының 2010-2023 жылдары аралығында тіркелген науқастардың жиынтығы базасынан алынып, статистикалық әдіспен өңделді. Зерттеу бағдарламасы докторлық диссертациясының аясында жасалынды. Статистикалық зерттеу 2010-2023 жыл аралығында тіркелген мәліметтерді өңдеу үшін қарқынды және экстенсивті көрсеткішін есептеу және оның динамикалық қатары құрылып оған талдау жасалынды. Алынған деректерді статистикалық өңдеу statistica (Statsoft, Inc) қолданбалы бағдарламалар пакеті арқылы жүзеге асырылды, 8-нұсқасын алдық.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Гипертонияның таралуы үнемі артып келеді, негізгі себептерінің бірі болып әрине ол халықтың қартаюы, атап айтқанда 80 жастан асқан халықтың көбеюі нәтижесінде, бұл көрсеткіш соңғы 40 жылда экспоненциалды түрде өсті. Қазіргі уақытта ЭЫДҰ-да (Экономикалық Ынтымақтастық Және даму Ұйымы) 80 жастан асқан өмір сүру ұзақтығы Даму) елдер тобы 9 жыл, салыстырғанда 1970 жылдары шамамен 6 жыл, бұл 50% өсуді білдіреді. 2 Еуропалық Одақта 27,3 миллион адам қартайған 2016 жылы 80 жастан асқан (жалпы халықтың 5,4%), 2006 жылғы 20 миллионмен салыстырғанда (жалпы халықтың 4,6%). 3 Дүниежүзі Америка Құрама Штаттарында 80 жастан асқан адамдардың үлесі 2050 жылы 7,4% болады деп болжануда. 4 , бұл 2010 жылмен салыстырғанда екі есе көп [1, 2].

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының мәлімдемесі бойынша соңғы 30 жылда гипертониямен ауыратындардың саны екі есеге жуық өсті – 650 миллионнан 1,28 миллиардқа дейін. Сонымен қатар, жоғары қысымнан зардап шегетін 580 миллион адам өздерінің синдромы туралы білмеді, ал 720 миллион адам емделмеген. Бұл туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы хабарлады. 580 миллионға жуық гипертониялық науқастар (әйелдердің 41% және мужчин 51%) өздерінің ауруын болжаған жоқ, өйткені олар ешқашан диагноз қойылмаған. Зерттеу сонымен қатар гипертониямен ауыратын адамдардың жартысынан көбі (әйелдердің 53%-ы және мужчин 62%-ы) немесе жалпы саны 720 миллион адам қажетті ем қабылдамайтындығын көрсетті [3].

Қазақстан мемлекетінде жүргізілген ретроспективті талдауда осы мәселенің медицина саласы үшін ең күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Оған дәлел 1-ші суретте көрсетілген ересек тұрғындар арасында артериальдық гипертониясының таралуының кестесі.

2-ші суретте ҚР халық арасында қан қысымы жоғарылауымен байланысты 2010 мен 2023 жыл аралығында ересек адамдар арасында тіркелген

санын байқап отырмыз. 8-ші суретте көрсеткендей қан қысымының жоғарылауы 2010 жылдан бастап елімізде жоғарылай бастағанын байқап отырмыз. Егер 2010 жылы бұл көрсеткіш 913,8 болса 100 000 адамға шаққанда, 2023 жылы 1271,1 жеткенін байқап отырмыз, әрине зерттеліп отырған жылдар арасында аталған көрсеткіш 2021 жылы 1919,1 дейін жоғарылағанын байқап отырмыз, оның себептерінің бірі болып 2020-2022 жылдар аралығында COVID-19 індетінің елімізде кең етек алып, осы дерттің халық арасында тез таралуы және 2013 жылдан бері енгізілген жұқпалы емес әлеуметтік маңызы бар сырқаттылықтарға арналған нормативтік-құқықтық актілерді шығуы және сонымен қатар қан қысымы бар адамдарды скринингтік шараларды одан әрі дамыту туралы бұйрықтар өз нәтижелерін берді [4, 5].

Қазақстан Республикасының еңбекке жарамды жастағы тұрғындар арасында қан қысымы зерделей отырып, қала мен ауыл тұрғындар арасында осы дерттің қалай таралған деген сауалға жауап іздегенде, қаладағы ересекке тұрғындар арасында жоғары екені анықталды, бұл дерттің қала тұрғындар жиі кездесетінін бірде бір себебі: жоғарыда аталған шаралардың басым көпшілігі қалалы жерде өте ауқымды түрде атқарылатыны, ауыл тұрғындарының басым көпшілігі қалалы жерге келіп қаралатыны және тағы басқа факторлар болып табылды (2 сурет).

2-шы суретте көрсетілгендей елімізде 2010 жылдан бастап 2023 жылы аралығында еңбекке жарамды тұрғындар арасында қан қысымының жоғарылау жиілігі 3,8 есе өскен көруге болады, егер артериальдық гипертония 2010 жылы елімізде 880,7‰ болса, 2023 жылы 3 372,5‰-ге дейін жетті, зерттеліп отырған көрсеткіш ақырғы үш жыл қалған жылдармен салыстырғанда едәуір жоғылады, мысалы 2021 жылы – 2 201‰, 2022 жылы – 3 236,2 және 2023 жылы – 3 372,5‰-ге жетті.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қан қысымының еңбекке жарамды жастағы қала тұрғындарының арасында жиі кездесуінің негізгі себептері болып мынандай факторларды атап көрсетуге болады, ол факторларға мыналар жатады:

1. Қала тұрғындарының арасында, ауыл тұрғындарымен салыстырғанда стресс деңгейінің жоғары болуы: еңбекке жарамды жастағы қала тұрғындары арасында көбінесе қарбаластық пен жоғары қарқынмен көпшілік тұрғындардың өмір сүруі, сөзсіз стресс деңгейін арттырады.

2. Келесі фактор, ол еңбекке жарамды жастағы қала тұрғындары арасында жиі кездесетін факторлардың бірі дұрыс тамақтанбау факторы: қалалы жерде, оның ішінде үлкен қалаларда жиі тіркелетін фактор адамның тамақтану әдеттері көбінесе тез дайындалатын тағамдарға, фастфудке және тұзды өнімдерге бағытталған.

3. Еңбекке жарамды жастағы адамдардың арасында жиі кездесетін факторлардың бірі болып: физикалық белсенділіктің тым аздығы. Қала тұрғындарының, оның ішінде еңбекке жарамды жастағы адамдардың басым

көпшілігі жұмысқа бару немесе күнделікті өз қажеттіліктерімен жүру үшін көлік құралдарын пайдаланады.

4. Жиі кездесетін факторлардың бірі болып экологиялық факторларды да жатқызуға болады. Қалалалық мекен жайларда, ауылды жермен салыстырғанда ауаның ластануы, шу деңгейі және тағы басқада экологиялық стрессорлар ауылды жермен салыстырғанда едәуір жоғары екені белгілі.

5. Қала тұрғындарының еңбекке жарамды жастағы ересек адамдардың арасында қан қысымының жиі кездесінің тағы бір факторы болып денсаулық сақтау қызметтерінің жетімділігіде өз үлесін қосып тұр. Ауыл тұрғындарымен салыстырғанда қала тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігі жоғары болғандықтан жоғары қан қысымы бар науқастар медициналық қызметке жиі қаралады.

6. Ең соңғы фактор болып: генетикалық және әлеуметтік факторларды айтуға болады, оған біз мына факторларды жатқызуымызға болады: тұрғындардың жасына, жынысына және мамандығына байланысты әртүрлі әлеуметтік-экономикалық топтарға жіктелуі, әлеуметтік теңсіздік немесе қаржылық стресс және басқа да әлеуметтік факторларды жатқызуға болады. Еңбекке жарамды жастағы ауыл тұрғындарының арасында артериальдық қан қысымының жоғарылауының, қала тұрғындарымен салыстырғанда аз болуының бірде-бір себебі, жоғарыда аталған факторлардың еңбекке жарамды жастағы ауыл тұрғындарының арасында сирек кездесетіні, үй-тұрмысы физикалық қозғалысты көп қажет ететіні, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық стресстің аз болуы, қала тұрғындарының ауыл тұрғындарымен салыстырғанда стресс деңгейінің жоғары болуы: еңбекке жарамды жастағы қала тұрғындары арасында көбінесе қарбаластық пен жоғары қарқынмен көпшілік тұрғындардың өмір сүруі, сөзсіз қала тұрғындары арасында стресс деңгейін арттырады, ауыл тұрғындарына, қала тұрғындарымен салыстырғанда медициналық қызметтің қол жетімділігінің аз болуы және тағы басқа факторлар өз әсерін тигізіп отыр. Осы аталған факторлар ауыл тұрғындары арасында қала тұрғындарымен салыстырғанда артериальдық гипертензия сырқаттылығының аз кездесуінің алғашқы себептері болып табылады. Сонымен қатар әлеуметтік жағдайы төмен тұрғындар арасында АГ жиілігінің жоғарылау тенденциясы осы сырқаттылық жайлы ақпараттың тым аз білетін түсіндіріледі, ауқатты азаматтардың қол жетімділігінің артықшылығы медициналық көмекті сатып алу мүмкіндіктері мол, қымбат және сапалы медициналық препараттар қолдануылары, азық-түлік, барабар физикалық белсенділік мүмкіндіктері болуы, сондай-ақ профилактикалық препараттардың маңыздылығын түсіну, сонымен қатар осы аурудың алдын-алу арналған іс-шаралар және салауатты өмір салтын жүргізудің салдарынан осы топ арасында жиі байқалып тұр [6].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы еңбекке жарамды ересек жастағы қала тұрғындарының арасында, ауыл тұрғындарымен салыстырғанды жиі кездесетінін зерттеліп отырған жылдар аралығында еңбекке жарамды жастағы ересек

қала тұрғындары арасында 2010-2023 жылдары, ауыл тұрғындары сияқты өскенін байқасақтада, жиілік көрсеткіші едәуір тұрақтылықты көрсетті, 2010 жылы еңбекке жарамды жастағы ауыл тұрғындарының арасында 1 456,8‰ көрсетсе, 2023 жылы 1 922,10‰ ғана жеткен, яғни көрсеткіш өсімі 1,3 есе өскенін көреміз. Егер 2021 – 2023 жылдары арасында қала тұрғындарында қан қысымы жиілігі жоғары көрсеткіштермен сипатталған болса, ауыл тұрғындары арасында керісінше тұрғындар арасында қан қысымының азайғанын көруімізге болады, 2021 жылы – 1 661,7‰, 2022 жылы – 1 707,8 және 2023 жылы – 1 922,1, бұл көрсеткіштер 2010 – 2020-шы жылдар салыстырғанда төмен көрсеткіштер болып шықты.

Артериальдық гипертензиясы бар науқастардың жанұялық жағдайын талдау кезінде ер адамдар арасында АГ-ның максималды таралуы ажырасқан адамдар (87,2%), ал ең аз көрсеткіш – жесірлер арасында (48,3%; $p = 0,145$) байқалған. Зерттеудің нәтижесі көрсеткендей некеде болмағандар немесе зайыбынан жеке тұратын адамдар зерттеу нәтижесінде кездеспеді. Әйел адамдар арасында қан қысымының таралуы жесір әйелдер арасында 91,2% құраса, өмірінде неке құрмаған әйел адамдар саны-72,4% ($p = 0,029$). [7]

Авторлардың қосқан үлесі:

Е. Ж. Маханбетчин, А. Н. Нұрбақыт – зерттеу тұжырымдаасы және дизайны.

С. Р. Миралиев, Т.С.Серғалиев. – материалды жинау және талдау.

Е. Ж. Маханбетчин, М. Д. Бримжанова – мәтін жазу, мәтінді өңдеу.

Мүдделер қақтығысы:

Мақаланы дайындау барысында байқалған жоқ.

ӘДЕБИЕТ

2. *Global report on hypertension: the race against a silent killer*. Geneva: World Health Organization; 2023: 291.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығы. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы.

3. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы.

4. Цыганкова Д.П., Федорова Н.В., Кривошапова К.Е., Максимов С.А., Индукаева Е.В., Шаповалова Э.Б., Артамонова Г.В., Барбараш О.Г. Социально-экономические факторы риска артериальной гипертензии у пожилых лиц. *Сибирский журнал клинической и экспериментальной медицины*. 2020; 35 (4): 111-118.

5. Муханова Г.Т., Иманова Ж.А., Имамбаев Н.И., Саханова Л.Х. *Некоторые аспекты динамического наблюдения пациентов с артериальной гипертензией. РЦРЗ: Аналитический обзор для формирования политики*. Нур-Султан; 2019: 15.

6. Турушева А.В., Котовская Ю.В., Фролова Е.В., Богданова Т.А., Кузнецова О.Ю. Влияние артериальной гипертензии на смертность и развитие гериатрических синдромов. *Артериальная гипертензия*. 2022; 28 (4): 419-427. <https://doi.org/10.18705/1607-419X-2022-28-4-419-427>

7. Ковалькова Н.А., Рагино Ю.И., Худякова А.Д., Денисова Д.В., Воевода М.И. Уровни артериального давления и распространенность артериальной гипертензии в популяции жителей Центрального региона Сибири в возрасте 25-45 лет. *Кардиология*. 2019; 59 (2): 32-37. <https://doi.org/10.18087/cardio.2019.2.10228>

TRANSLITERATION

1. *Global report on hypertension: the race against a silent killer*. Geneva: World Health Organization; 2023: 291.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР DSM-149/2020 бұйрығы. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, бақылаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қаридаларын бекіту туралы.

3. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы.

4. Cygankova D.P., Fedorova N.V., Krivoschapova K.E., Maksimov S.A., Indukaeva E.V., Shapovalova Je.B., Artamonova G.V., Barbarash O.G. Social'no-jekonomicheskie faktory riska arterial'noj gipertenzii u pozihlyh lic. *Sibirskij zhurnal klinicheskoi jeksperimental'noj mediciny*. 2020; 35 (4): 111-118.

5. Muhanova G.T., Imanova Zh.A., Imambaev N.I., Sahanova L.H. *Nekotorye aspekty dinamicheskogo nabljudeniya pacientov s arterial'noj gipertenziej*. RCRZ: Analiticheskij obzor dlja formirovaniya politiki. Nur-Sultan; 2019: 15.

6. Turusheva A.V., Kotovskaja Ju.V., Frolova E.V., Bogdanova T.A., Kuznecova O.Ju. Vlijanie arterial'noj gipertenzii na smertnost' i razvitie geriatricheskikh sindromov. *Arterial'naja gipertenzija*. 2022; 28 (4): 419-427. <https://doi.org/10.18705/1607-419X-2022-28-4-419-427>

7. Koval'kova N.A., Ragino Ju.I., Hudjakova A.D., Denisova D.V., Voevoda M.I. Urovni arterial'nogo davleniya i rasprostranennost' arterial'noj gipertonii v populjacii zhitelej Central'nogo regiona Sibiri v vozraste 25-45 let. *Kardiologija*. 2019; 59 (2): 32-37. <https://doi.org/10.18087/cardio.2019.2.10228>

04.09.2024 келіп түсті

12.11.2024 пысықтауға жіберілді

24.02.2025 қабылданды

30.06.2025 online жариялады

E. Zh. Makhanbetchin^{1*}, A. N. Nurbakyt¹, S. R. Miraliev², M. D. Brimzhanova², T. S. Sergaliev³, Sh. D. Dzhaketayeva³

DEMOGRAPHIC AND EPIDEMIOLOGICAL ASPECTS OF THE PREVALENCE OF ARTERIAL HYPERTENSION AMONG THE ADULT POPULATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE PERIOD FROM 2010 TO 2023

¹Kazakhstan Medical University «KSPH» (050060, Republic of Kazakhstan, Almaty c., Utepova str., 19a; e-mail: ksph@ksph.kz)

²Avicenna Tajik State Medical University (734003, Republic of Tajikistan, Dushanbe c., Sino str, 29-31; e-mail: info@tajmedun.tj)

³Astana medical university NC JSC (010000, Republic of Kazakhstan, Astana c., Beybitshilik str., 49a; e-mail: mail@amu.kz)

*Yeldos Zhanzakovich Makhanbetchin – Kazakhstan Medical University «KSPH»; 100004, Republic of Kazakhstan, Karaganda c., Karbysheva str., 5/6; e-mail: eldosic@mail.ru

Introduction. The article presents a retrospective analysis conducted over the period from 2010 to 2023 among the able-bodied adult population of the Republic of Kazakhstan registered for arterial hypertension. The study examined the frequency and dynamics of this disease, its prevalence among men and women, as well as comparative data between urban and rural residents with the identification of characteristic features.

Aim. To characterize the factors that increase the incidence of blood pressure among people of working age in the Republic of Kazakhstan.

Materials and methods. The research material is a database of people of working age who are registered for hypertension at the Republican Center for Electronic Health of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan for 2010-2023. The research method was statistical processing using Microsoft Excel and analyzed using the statistical program SPSS.

Results and discussion. In the territory of the Republic of Kazakhstan, all registered cases of high blood pressure among the adult population were analyzed. Statistical studies have been conducted taking into account gender and age characteristics and the place of residence of patients. During the analysis of the prevalence of this disease among urban and rural residents, it was found that it is more common among the adult population in cities.

Conclusions. The main reasons why blood pressure is more common among urban residents of working age are the following factors: high stress levels among the urban population compared with the rural population. Arterial hypertension

is indeed more common among the able-bodied urban population than in rural areas. Thus, the development of arterial hypertension is influenced by a combination of many factors that are more often inherent in the urban environment.

Key words: population; demography; adults; urban dwellers; arterial hypertension; morbidity

Е. Ж. Маханбетчин^{1}, А. Н. Нурбакыт¹, С. Р. Миралиев², М. Д. Бримжанова¹, Т. С. Сергалиев³, Ш. Д. Джакетаева³*

ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ И ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАСПРОСТРАНЕНИЯ АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТЕНЗИИ СРЕДИ ВЗРОСЛОГО НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В 2010-2023 ГГ.

¹Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ» (050060, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Утепова, 19а; e-mail: ksph@ksph.kz)

²Таджикский государственный медицинский университет им. Абуали ибни Сино (734003, Республика Таджикистан, г. Душанбе, ул. Сино, 29-31; e-mail: info@tajmedun.tj)

³НАО «Медицинский университет Астана» (010000, Республика Казахстан, г. Астана, Бейбітшілік, 49а; e-mail: mail@amu.kz)

***Елдос Жанзакович Маханбетчин** – Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ»; 100004, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Карбышева, 5/6; e-mail: eldosic@mail.ru

Введение. В статье представлены результаты ретроспективного анализа, проведенного за период с 2010 по 2023 гг. среди трудоспособного взрослого населения Республики Казахстан, состоящего на учете по артериальной гипертензии. Рассмотрены частота распространения и динамика заболевания, его распространенность среди мужчин и женщин, также изучены данные городского и сельского населения с выявлением характерных особенностей.

Цель. Охарактеризовать факторы, повышающие частоту распространения артериального давления среди лиц трудоспособного возраста Республики Казахстан.

Материалы и методы. Материалом исследования явилась база данных лиц трудоспособного возраста, состоящих на учете по артериальной гипертензии в Республиканском центре электронного здравоохранения Министерство здравоохранения Республики Казахстан в 2010-2023 гг. Методом исследования послужила статистическая обработка с помощью Microsoft Excel и анализировалась с помощью статистической программы SPSS.

Результаты и обсуждение. Были проанализированы все зарегистрированные случаи повышенного артериального давления среди взрослого населения. Проведены статистические исследования с учетом половозрастных характеристик и места проживания пациентов. В ходе анализа распространенности артериальной гипертензии среди городских и сельских жителей было установлено, что эта патология чаще встречается среди городского взрослого населения. Одной из основных причин более высокой распространенности среди горожан является то, что большинство профилактических и диагностических мероприятий преимущественно осуществляется в городских условиях.

Выводы. Основными причинами, по которым артериальная гипертензия чаще встречается среди городских жителей трудоспособного возраста, можно выделить следующие факторы: высокий уровень стресса среди городского населения по сравнению с сельским населением. Артериальная гипертензия чаще встречается среди трудоспособного городского населения по сравнению с сельским. Существует несколько факторов, объясняющих это явление: стресс и психоэмоциональные нагрузки, неправильное питание, низкая физическая активность, экологические факторы, доступ к медицинскому обслуживанию, социально-экономические факторы.

Ключевые слова: население; демография; взрослые люди; горожане; артериальная гипертензия; заболеваемость